

З.С. Искакова^{1*}, А.Б. Айтбаева², Б.М. Аташ¹, Ә.А. Құранбек¹, С.С. Аубакирова³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

²«Narxoz» университеті, Алматы, Қазақстан;

³Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

(E-mail: zauresh_iskakova@mail.ru; aba-abd@mail.ru; atash_berik@mail.ru, akuranbek@gmail.com, aubakur@mail.ru)

Аударма мәселесінің теориялық-әдіснамалық бағдарлары мен ұстанымдары: философиялық мәтіндер мысалында

Мақалада философия мен аудармадағы қазіргі өзгерістер мен оған байланысты философия мен аударманың өзара байланысының негізі зерделенген. Авторлар ерекше қызығушылық пен өзектілікке ие гуманитарлық мағыналардың терең трансформациясына ықпал ететін негізгі себептерді анықтайды. Зерттеудің мақсаты — аударма мәселесінің өзгермелі факторларының философиялық көрінісін анықтау. «Философия және аударма» ұғымдарының экспликациясы қарастырылды. Аударманы авторлар әлеуметтік философия категориясы ретінде түсіндіреді. Тіл біліміндегі орталық концепциялардың бірінің кең пәнаралық ғылыми талқылаудың өзегіне ауысуы және әлеуметтік философия категориясына көтерілуі туралы ойлардың өсуінің негізгі нүктелері оның өзгерген рөлі мен қызметінен көрінеді. Авторлар аударманы мәдени әртүрлілікті жаңғыртудың, тұлғаның шығармашылық әлеуетін арттыруды ынталандыратын маңызды факторы ретінде де зерделеген. Аударманы адамға әсер ететін елеулі фактор ретінде түсіндіру үшін әлеуметтік философияның әдістерін қолдану қажет деген қорытынды жасауға болады. Диалектикалық көзқарасқа негізделген негізгі әлеуметтік-мәдени құбылыстарды талдау әдісі ұсынылады. Негізгі зерттеу әдісі — «философия — аударма», яғни дуальді оппозиция. Бұл тәсіл тұтас және оның негізгі бөліктері арасындағы байланыстарды мұқият қарастыруды талап етеді, осы байланыстарды талдауды ерекше өзекті етеді. Осы концепцияда философиялық категориялар нақты ғылыми байланыстар негізінде қалыптасатындығы маңызды қорытынды болып саналады.

Кілт сөздер: аударма, философия, тіл мәселесі, герменевтика, философиялық әдістер, мәдениет, түсіндіру, даму, қоғам, интерпретация.

Кіріспе

Қазіргі уақытта аударма көп деңгейлі және көп қырлы сала ғана емес, әуесқойлықтан кәсібилікке бет бұрған, тәжірибемен қатар теориясы дамып келе жатқан арнайы ілім ретінде қалыптасқан. Қазіргі әлемде аударманы түсіну, түсіндіру және қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру Наталия Автономова атап көрсеткендей, философиялық мәселеге айналуы мүмкін. Ғалым еуропа мәдениетіндегі рухани саланың көпшілігі бір тілден екінші тілге аудару нәтижесінде пайда болғанын, сәйкесінше, бұл үрдіс әртүрлі тілдерде өзіндік философиялық ұғымдар мен категориялардың қалыптасуына әкелгенін атап өтеді [1]. Алайда аудармамен шұғылданған философияның кейбір бағыттары оған басымдық бере зерделеген жоқ. Ал Наталия Автономова «шығармашылық» терминіне және философияның өрлеуіндегі аударманың рөліне тоқтала келе, аударма эпистемасының болмысын көрсетеді.

Халықаралық қатынастар мен мәдениеттерге деген қызығушылықтың артуына байланысты аударма мәселелері барған сайын маңызды бола түсуде, өйткені аударма әртүрлі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас тәсілі ретінде қызмет етеді. Аударманың көптеген философиялық зерттеулерінде герменевтика, когнитивтік теория, коммуникация философиясы және психология, психолінгвистика, семиология және мәдениеттану сияқты басқа да тәсілдер қолданылады. Философиялық талдау тұрғысынан алғанда, философия осы тәсілдер аясында аударма мәселелерін нақтылауға көмектесетін арнайы теория жасай алады деп болжауға болады. Мұндай теория аударманы тереңірек талдауды, оның мүмкіндігінің ең іргелі шарттарын анықтауды қамтамасыз етуі керек.

Аудармаға онтологиялық, гносеологиялық, метафизикалық т.б. қырынан келуге де болады, сондықтан, аударманың жалпылама болмысы туралы мәселелер де қозғалады. Сонымен қатар,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zauresh_iskakova@mail.ru

аударманы мәдени-философиялық, этнографиялық-философиялық, тілдік-философиялық, тарихи-философиялық мәселе ретінде де қарастыруға болады. Аударма үрдісін тұтастай қарастыратын болсақ, оны құрылымдық-қызметтік деңгейде былайша талдауға болады: объект-субъект қатынастары бойынша: «түпнұсқа автор — мәтін — аудармашы»; негізгі құралдар мен материалдар бойынша: «тіл — лексемалар — мағыналар»; логикалық-семантикалық тұрғыдан: «түсіну — сәйкестік — мәтіннің мағынасын ашу»; репродуктивті-продуктивтік тұрғыдан: «мәтінді қайта құрылымдау — көркемдік — түзетулер енгізу»; мәдени-әлеуметтік онтологиялық тұрғыдан: «мәдениеттердің диалогы — жеке өзін-өзі көрсету — мәдени перспективалар» және т.б.

Аударма дегеніміз не? Мұны «әдемі кілемнің» жасырын жағы, утопия немесе аударылмайтын шекараға жеткен дұрыс сөзді іздеу ретінде қарастыруға болады. Аударманың қарапайым анықтамасы — бұл бір тілді екінші тілге аударудың техникалық үрдісі, қажетті тілдерді білетін адамдар бір тілдің таңбаларының тіркесімін өзге тілдің таңбаларының тіркесімімен алмастыратын өнер. Дегенмен, бұл түсініктеме үстірт және механикалық. Бір жағынан, аударма күнделікті қоғамдық сананың бөлігі болып табылады және күнделікті тәжірибеде, мысалы, белгісіз тілде сөйлейтін базарда сауда жасау кезінде қолданылады. Екінші жағынан, аударма терең шығармашылық пен мәдениетті, оның ерекшеліктерін, барлық интерпретация процесіне енген нормалары мен логикасын түсіндірудің негізгі әдісі ретінде қызмет етеді. Аударманы мәтіндік тұрғыдан кеңінен түсіну аударманың негізі ретінде талдауды қажет етеді. Лингвистикалық аударма өзінің мәнін екі полюстің арасында табады: жалпылаушы шығармашылық ретінде және осы өнерді қайталауға ұмтылу.

Материалдар мен әдістер

Өзге тілдегі ақпаратты түсінудегі когнитив қиындықтарды жеңілдету үшін, ең оңтайлы шешімді табу қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени шындық шеңберінде — аударманың философиялық негіздеріне жүгінуді қажет етеді. Герменевтикалық аспектіде (түсіну және түсіндіру теориясы) аударманы философиялық, таным теориясы, коммуникация философиясы және басқа да көптеген сала тұрғысынан түсіну ең алдымен, психолингвистикалық және мәдени деректерге негізделген.

Жак Деррида алғаш рет аударма мен ұлттық тілдің байланысын тарихи контексте көрсетті [2; 114–133]. Дегенмен, бұл ахуал танымның постструктуралистік бағдарына қарай ойысты. Ұлттық тіл мен аударма арасындағы байланыс кездейсоқ емес, тілдік өзара әрекеттесу үрдісінде көрініс беретінін айта кеткен жөн. Дерриданың пікірінше, білім тіл арқылы көрінеді және адамдармен байланысты, сонымен қатар тілдік құрылымдармен анықталатын дүниелерді құрайды. Сондықтан аудармашы сол тұлғаны қайталамайды, сөйтсе де мәтіндік алаңда қызмет етеді. Дерриданың идеясын жалғастырушылар тілдік бірегейлікті, оны мәдениеттердің жақындасуының қазіргі жағдайына қоса отырып, біртүлділік статикасы мен көптілділік динамикасын атап өтеді.

Аударманы кең мағынада түсіну үшін оны аударма-түсіндіру (интерпретация) үрдісі ретінде талдау қажет, бұл бір жағынан интерпретативті-репродуктивті құбылыс. Тілдік аударма өзінің мәнін екі полюстің арасында ашады: жалпы шығармашылық және репродуктивті өнерді қайталауға ұмтылыс ретінде. Аударма мен түсіндірудің бірнеше деңгейі болса, олардың ішіндегі ең маңыздысы мәтін болып табылады. Бұл мәселені зерттеу кезінде, осы тараптан Сепир-Уорф теориясына, В. фон Гумбольдтың философиялық-лингвистикалық теориясына, Г.Г. Гадамердің ой-тұжырымдамасына, америкалық философ У. Куайнның көзқарасына және т.б. жүгінеміз.

Аударманың лингвистикалық онтологиясы белгілі бір ішкі факторлармен анықталады: жаңа нәрсе жасауға ұмтылатын субъектінің механикалық әрекеті мен шығармашылық белсенділігінің үйлесуі әлеуметтік-мәдени салада елеулі серпіліске әкеледі, мұны аударманың дамуы үшін негіз деп санауға болады. Бұл негіздердің бір-бірімен тығыз байланысқандығы сонша, оларды анық ажырату мүмкін емес.

Нәтижелері мен пікірталас

Кез келген табиғи тіл Сапир-Уорф теориясына сәйкес әртүрлілікті көрсетеді. Сапир-Уорф гипотезасы бойынша тілдің құрылымы бізді қоршаған дүниені ойлау мен қабылдау құрылымын анықтайды, бұл тілді түсіндіру құралына айналдырады. Бұл гипотеза фон Гумбольдтың философиялық-лингвистикалық теориясына негізделген және әртүрлі табиғи тілдер арасындағы дәл сәйкестік мүмкін емес деп болжайды. Гадамердің пікірінше, аударма сөзсіз бір тілдегі сөздердің нақты мағынасы мен екінші тілдегі қайталануы арасындағы сәйкессіздікке тап болады және бұл сәйкессіздікті толығымен жою мүмкін емес [3; 447]. К. Ажеж де осы пікірде: «Әрине, тілді таңбалар

жүйесі ретінде қарастыратын болсақ, онда белгілер арасындағы құрылымдық байланыстар әр тілде өте әр түрлі болатынын мойындауымыз керек; Бір тілдің өзіндік жүйесінде оның көмегімен аударылатын таңба, басқа тіл жүйесінде бірінші орынға ие болатындай емес» [4; 46]. Аударманың күрделілігіне қарамастан, әртүрлі тілдердегі семиотиканы түсіндіре алатын таңбалар жүйесінің болуы аудармада белгілі бір стандарттарды орнатуға мүмкіндік береді [5; 231]. Аудармадан абсолютті дәлдікті талап етуге болмайтыны анық, бірақ тілдің жалпы белгілері мен стандартты үлгілер, атап айтқанда, белгіленетін және таңбаланған, денотативті және лексема элементтері, сонымен қатар барлық тілдерге тән синтаксистік құрылымдар мағынаны сақтауға көмектеседі. Сондықтан аудармашы аударманың адекваттылығын қамтамасыз ету үшін белгілі бір негіздерге сүйенеді. Бұл тілдің онтологиясы болғандықтан барынша тұрақты.

Осыған орай, түбегейлі, толық аударманың белгісіздігі мәселесі туралы айтатын американдық философ У. Куайнның идеясын атап өтуге де болады. «Бір тілден екінші тілге аудару әдістері, – деп жазады У. Куайн, — әрқайсысы сөйлеу бейімділіктерінің барлық жиынтығымен үйлесімді, бірақ бір-бірімен үйлеспейтін әртүрлі тәсілдермен белгіленуі мүмкін» [6; 27]. У. Куайнның ойынша, өрнектердің мағыналарын мінез-құлық әдістерінен бөліп қарауға болмайды. Бұл дәл аударуға тырысқанда, екі белгісізі бар мәселені шешу керек дегенді білдіреді: біз аударғымыз келетін өрнектің вербальды баламасын білмейміз, сонымен қатар сол өрнекке сәйкес әрекетті білмейміз. У. Куайн тіпті «ана» тіліне де түбегейлі аударма жасау мүмкін еместігі туралы тұжырымдамасын дамытты. Оның ойынша, әр адамның немесе ұлттың өзіне ғана тән тілі болады, оны басқа этностар мен жеке тұлғалардың тіліне дәл аудару және түсіндіру қиын.

Жоғарыда көрсетілген тұжырымды негізінен Т. Кун және XX ғасырдың аяғындағы көптеген беделді философ қолдайды. Атап айтқанда, Т. Кун былай деп атап өтеді: «Түрлі теорияларды жақтаушылар әртүрлі мәдени және тілдік қауымдастықтардың мүшелеріне ұқсас болуы мүмкін. Осы параллелизмді мойындай отырып, біз қандай да бір мағынада екі топтың да дұрыс екеніне сенеміз. Мәдениет пен оның дамуына қатысты бұл позиция шын мәнінде релятивистік» [7; 267].

Шет тіліндегі мәтінді аудару «бөтен мәдениетпен танысумен де, онымен конфликтпен де еріксіз сүйемелденеді. Осы тартыс барысында адам төл мәдениетін, дүниетанымын, өмірге, адамдарға деген көзқарасын тереңірек сезіне бастайды» [8; 24]. Конфликт — өзара әрекеттестіктің ерекше формасы, ал оны шешу — дамудың негізгі көзі. Бұл жағдайда сөз адам өз мәдениетінің өкілі ретінде жасаған шет тіліндегі мәтін туралы болғандықтан, жеке тұлғаның өзіндік дамуы міндетті түрде осындай қайшылықтарды қамтитынын ескеру керек. Қақтығыстарды шешуге байланысты мәдениеттердің кездесуі мәдени түсіністіктің өзара байытылуына әкеледі. Демек, шет тілі қарым-қатынас немесе ақпарат беру құралы ретінде ғана емес, тұлғаны қалыптастырудың маңызды тетіктерінің бірі ретінде де әрекет етеді.

Философия — уақыт пен кеңістікке бөлінген, өзінің тарихи мұрасын үнемі бейімдеп, жаңартып отыратын қауым. Философиялық аударма білім құрылымында әртүрлі қызмет атқаратындықтан қажет. Мәдени мұраны сақтайды, мәдени медитация тәжірибесі, рефлексивтіліктің бір түрі және жаңа әдіснамалық стратегия болып саналады. Еуропа философиясы тарихында аударма маңызды рөл атқарады және өткен мен қазіргі кездегі ойлау тәжірибесін қайта қарауға мүмкіндік береді [1; 22].

Алайда философия аударма тілдерін зерттеумен және философтардың аударма нұсқаларына қатысты қайшылықтармен шектелмейді. Философтардың философиялық аударма жасауы, көбінесе, отандық философтардың «шоғырлануының» өзіндік формасына айналады, философияға «тұжырымдамалардың шығармашылығы» ретінде делдалдық қатынас жасайды. Егер ол өз шығармашылығымен айналыспаса, аудармашыны философ деп санауға болмайды [9; 14–15].

Сонымен бірге, аудармалардың әсерінен немесе шет тілді авторлардың түпнұсқа мәтіндерін түсіндіру үрдісінде көптеген философтардың «жеке тілі» қалыптасты: Ф. Шлейермахер Платонды аударды, Пол Рикер өзінің академиялық мансабын неміс авторларының аудармаларынан бастады. Жак Деррида Эдмунд Гуссерль мәтіндерінің аудармашысы ретінде белгілі болса, Бубердің ағылшын тіліндегі аудармаларымен танымал, Ницше және Гегель неміс-америкалық философ В. Кауфман, Платон, Декарт, Милль, Кьеркегор және Хайдеггер Т. Гильфасонды ислам тіліне белсенді түрде аударды; ол бірқатар философиялық жұмыстарды поляк тіліне аударды; соның ішінде, Канттың «Таза ақылға сын», Р. Ингарден; философиялық және көркем әдебиеттің аудармашысы Г.Г. Шпет 17 тілінің білгірі болды; отандық философиялық кеңістікте Қажымұрат Әбішев, Мұрат Сәбит, Тұрсын Ғабитов, Әуезхан Қодар, Гүлжиһан Нұрышева және т.б.

Философия, әсіресе батыс философиясы аудармасыз өмір сүре алмайды. Аударманың «көркем онтологиясы» деп Фокин атап өткендей сананың вербалды емес мазмұнын білдіреді және тілдік және дискурсивті формаларға айналуының негізгі шарты болып табылады [10; 10]. Тек аударма арқылы ғана философиялық терминдермен және философиялық мазмұнның басқа тілдік бірліктерімен қоршалған «жаңа» философиялық мағыналарды толық түсінуге болады, өйткені мағына тек тіл мен оның семантикасының контекстінде өмір сүреді.

Еуропалық философиялық мәтіндердің сәтті аудармасының негізгі себептерінің бірі — олардың әмбебаптығы және ежелгі, итальяндық, неміс, француз, голланд және басқа да классикалық метафизикалық мәтіндердің әртүрлі мәтіндік және тарихи-мәдени контекстінде қалыптасқан халықаралық концепцияларға сәйкестігі. Бұл идеялар мен тұжырымдамалар қазіргі философтардың еңбектерін талқылау мен академиялық зерттеулерде дами берді. Философиялық білімдерді әртүрлі ұлттық және тілдік контекстерге жеткізетін аударма процесі философиялық рефлексияның негізгі қайнар көзі және қозғаушы күші қызметін атқарады. Философтың қазіргі әлемдегі танымалдығы мен ықпалы оның аударма мәтіндеріне деген сұранысқа байланысты.

Бүгінгі таңда философияның жаһандық контекстегі маңызы мен ықпалы аударманың қажеттілігімен және оның мәтіндерінің мағынасымен анықталады.

Л. Штраус өзінің «Қудалау және жазу өнері» атты еңбегінде қызықты құбылысты — философиялық ойдың уақытша «супер аудармашылығын» тапты. Философтар түрлі дәуірлерде өмір сүрсе де, түрлі тілдерде сөйлесе де, философияға қатысы жоқ түрлі тақырыптармен айналысса да, «кедергісіз сөйлесе алады». Бұл олардың тез ойлау қабілетінің арқасында мүмкін, трансцензия әмбебаптығын қамтиды. Дәл осы қабілет философтарды әрқашан толық түсінікті және бір-бірін «аударуға» қабілетті етеді. Философтар өз еңбектерінің лингвистикалық және мәдени аударылмау мәселелерін қарастыруға мәжбүр. Мысалы, Жак Деррида өзінің «Жапон досына хат» атты еңбегінде аударманың философ үшін басты міндет екенін, бірақ сонымен бірге бұл мүмкін емес екенін айтады. Аударма туралы ойлау процестің өзін және оның нәтижелерін субъективті түсінуге байланысты. Аударма теориясының тарихы — идеалды аударма сапасына ұмтылатын нақты анықтамалар мен тәсілдерді іздеу тарихы.

Аударманың философиялық негіздері таза лингвистикалық мәселелер шеңберінен шығады. Аударма — жай ғана тілдік белгілерді беру үрдісі емес; бұл идеяларды жеткізу қызметі, өткенді бүгінмен байланыстыру тәсілі.

Философияда жаңа идеялар мен концепциялар немесе «концептуалды шығармашылық» (Жил Делёз «Жил Делёздің әліпбиі») пайда болады. Философиялық мәтіндерді аудару кезінде философиялық ұғымдардың негізін құрайтын шет тіліндегі мағыналар мен бейнелерді түсіндіруге байланысты мәселелер туындайды. Бұл түпнұсқаның анық еместігіне және бұрмалануына әкелуі мүмкін. Аудармашылар мәтіннің мәдени және тілдік ортасынан туындаған қиындықтарға жиі кездеседі. Нәтижесінде бастапқы мәтіннің мағыналары бұрмалануы, жоғалуы немесе өзгеруі мүмкін. Бұл бұрмалаулар аудармашының біліктілігі мен прагматикасы сияқты субъективті факторларға ғана емес, сонымен қатар объективті және тарихи-мәдени жағдайларға да байланысты. Философиялық жаргонның бір бөлігіне айналған жалпы әдеби мәдениеттің тілдік элементтері аударма барысында көбінесе басқа білім салаларымен байланысын жоғалтады. Бірде-бір аударма автордың мәдени ортасы контекстінде бастапқы мәтіннен туындайтын барлық ассоциацияларды, мәтінаралық байланыстарды және ой толғауларын толық жеткізе алмайды. Аудармалардың саны көбейген сайын олардың түпнұсқаны толықтай алмастыра алмайтыны айқындала түседі.

Мысалы, орыс ойшылдарының неміс және француз философтарынан айырмашылығы олар аудармаға ерекше философиялық мән бермеген. Осы елдерде «аударма философиясы» философияның бір бөлігі ретінде танылады, ал аударма аудармашы тілдегі аудармашының рөлін түсіну мен түсіндірудің рефлексиялық құралы ретінде қарастырылады. Бұл аудармашының аударылып жатқан түпнұсқа тілін меңгеру қабілетін, сондай-ақ оның көркемдік шеберлігі мен шығармашылығын пайдалану және көрсетуді қамтиды.

XX ғасырда гуманитарлық ойдың бағытын анықтаған философтардың еңбектеріндегі аударманы түсінушілік бағдары осыған келіп саяды: Р. Барт, Ж. Бодриар, Г.Г. Гадамер, Жил Делёз, Жак Деррида, Х. Ортега и Гассет, В. Дильтей, К. Леви-Стросс, В. Куайан, Дж. Штайнер, Г.Г. Шпета, Ж.Ф. Лиотард, П. де Ман, П. Рикер, Р. Рорти, В. Франкл, М. Хайдеггер, М.Фуко. Түсіну — аударма үрдісінің бастапқы кезеңі, онда алгоритмделген логикалық операциялар интуитивті-эвристикалық

әрекеттермен және өзінің танымдық тәжірибесіне негізделген ассоциатив гипотезалармен бірге жүреді.

Аударманы түсіну әрқашан жеке үрдіс, өйткені, аударылған философиялық мәтіннің мағынасы жеке түсінікке де байланысты. Аудармашы философиялық мәтіннің түпкі тұжырымдамалық мазмұнын қайта кодтайды және түсіндіреді, оны өзінің шындығына айналдырады. Хайна Лотманның пайымдауынша, аудармашы мәтіннің мазмұны туралы түсінігін нақты білдіруі керек және оның аудармасында түсініксіз сәттер қалдырмауы керек [11; 449]. Джон Штайнер сонымен қатар, мәтінді түсіну мен оның аудармасы бір-бірімен тығыз байланысты деп санайды. Гуманитарлық мәтіндердің аудармасы туралы мәселе, көбінесе, олардың түсінігі туралы сауалмен ауыстырылады, ал философиялық мәлімдемелердің түсінігін бағалау — олардың аударылуына негізделген. Мартин Хайдеггер аударма сөзі түсініктіліктің артикуляциясы деп санайды және бұл түсінік қазірдің өзінде түсіндіру мен айтылымның негізінде жатыр. Алайда, Зенон парадоксіндегі Ахиллес секілді аудармашы түпнұсқаға байланған, бірақ оған ешқашан жете алмайды [12; 142]. Аударманың түсінігі, сондай-ақ, байыпты философиялық мәтін, әр оқуда әр түрлі деңгейлерге ие.

Кейде мәтіннің «түсініктілігі» мен «түсініксіздігі» бір-бірімен тығыз байланысты және әртүрлі болуы мүмкін. Бірінші оқылымнан кейін түсініксіз болып қалған нәрсе екінші оқылымда анық болуы мүмкін. Сонымен қатар, бірінші оқылымда түсінікті болып көрінетін нәрсе келесі оқылымда түсініксіз болып қалуы мүмкін. Философиялық шығармашылықты оқып-үйрену кезінде зерттеудің мақсаттары мен оған байланысты сұрақтар өзгеруі мүмкін. Мысалы, Аристотельді көне грек тілінде оқығанда оқырман аудармаға бет бұрмас бұрын түрлі сұрақтар қояды. Шет тілі аудармамен тікелей байланысты, ал философтың әр түрлі түсіну деңгейі әртүрлі аудармаларды қажет етеді. Концепция «тіл мәселесіне» неғұрлым философиялық тұрғыдан қатысты болса, автор мәтінін әртүрлі көзқарастардан көру және жеткізу және оның көптеген мәтінаралық байланыстарын нақтылау үшін әртүрлі аудармалық интерпретациялардың қажеттілігі соғұрлым жоғары болады.

Сонымен қатар, мәтіннің аударылуы оның түсінілмейтінін білдірмейді. Түсінбеушілік «басқаларды басқалар сияқты түсіну» тәсілі болуы мүмкін, ал толық түсінуге сүйену мағынаның бұрмалануына әкелуі мүмкін. Аударылған мәтін «оқылмайтын» (тырнақшаның ішінде) немесе түсініксіз (тырнақшасыз) болуы мүмкін. Бұл әсіресе философиялық мәтіндерге қатысты, мұнда түсіну тек мәдени белгілерді, метафораларды, нормалар мен құндылықтарды ғана емес, сонымен қатар өз тұжырымдамасының қарапайымдылығы мен қолжетімділігіне ұмтылмайтын философтың шығармашылық әдісін де ескеруді талап етеді. Мұндай қиындықтардың мысалдарын Франческо Петрарка, Мария Эбнер-Эшенбах, Георг В.Ф. Гегель, философиялық мәтіндерді түсіну және аудару қиындығын көрсететін Иммануил Кант және Мориц Гаупт. Мұндай мәтіндерді түсіну аудармашыдан объективтілік пен шығармашылық көзқарасты талап ететін интеллектуалдық белсенділіктің көрінісі болып табылады. Гегель түпнұсқа автордың тілін түсіну және аудару қиын, бұл нақты философияның табиғатын көрсетеді деп дәлелдеді. Мысалы, Гегель, Витгенштейн және Сартр мәтіндерін түсіну арнайы герменевтикалық түсініктемелерді қажет етеді. Бұл жағдайда аудармашы аударылған мәтінде өзінің түсінігін жеткізбеуі керек, бірақ оқырманға өз интерпретациясын дербес қалыптастыруға мүмкіндік беруі қажет деп санайды [13].

Осы тұста, «Философияның категориялық қабаттарында өзінің шыңына жеткен тілдегі аударманың айрықша маңыздылығы неде?» деген сауал туындайды. Категориялық деңгейдегі аударма — бұл, ең алдымен, шет тілдері үстемдік ететін кеңістікке байланысты. Мәдени қауымдастықтар арасындағы «қақтығыстардан» туындайтын, әрқайсысы өз логикасына негізделген, бұрын бір ғана логиканың үзіндісін білдіретін аударма мәтіндер қоғам үшін деструктивті және қауіпті болып шығуы мүмкін. Толық түсінілмеген мәтіндер мұндай салдарға әкелетіні сөзсіз. Біз үнемі өзгеріп отыратын және динамикалық әлемде өте күрделі жағдаймен айналысамыз. Бұл өте маңызды, мәселе тілдің көптігінде емес, шет тілдерінің жағдайы өсіп, өзгеріп, күрделеніп бара жатқанына да байланысты [14]. Аударманың маңыздылығы — ол адамдарды жаңа мәдени алаңға біріктіруге негіз жасайды. Демек, аударма екі жақты сипатқа ие және өзінің ең жоғарғы көрінісінде символдық саламен шектелмейді (бұл тілек мүмкін болса да, аударманы жеңілдетеді алады). Аударма әрқашан мәдениеттер контекстінде орын алады, ол өзінің көптеген аспектілері бойынша мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесу үшін мүмкіндіктер ашады, сайып келгенде, өзара қарым-қатынас пен қарым-қатынас аймағын құрайды. Тілдер әлеуметтік құбылыс ретінде олардың қалыптасуына негіз болатын мәдени және басқа факторларды білдіреді. Инновация құрылымдалатын шекаралар шын

мәнінде инновациялық мәселе болып табылады. Мұнда тілдің екі жақтылығы лингвистикалық шекарадан, әлеуметтік, этникалық және басқа белгілерден шығып, олардың ерекшеліктерін ашады.

Тілдер саласындағы аудармашылық қызмет жеке тұлғаның өзін-өзі дамытудың бір түрі болып табылады, өйткені көптілді қоғамда адам бір тілден екінші тілге аудару арқылы интеллектуалды дамиды [15].

Аудару кезінде сөздерді бір тілден екінші тілге көшіру ғана емес, сонымен бірге бұл процестің интеллектуалдық дамуына ықпал ететінін түсіну маңызды. Жаңа тілді үйрену бізді жаңа мәдениетке батырады, бұл біздің мәдени тәжірибемізді арттырады. Бұл өзара әрекеттесу процесі жеке өсуге де, ұжымдық прогреске де ықпал етеді, мәдени әлеуетті арттырады және жеке тұлғаның да, жалпы қоғамның да дамуы үшін мотивацияны арттырады.

Қорытынды

Философиялық аударма түпнұсқа мәтіннің стилистикалық бейімделуіне ғана емес, оның мағынасын жеткізуге де бағытталған. Философиялық тұжырымдамаларға, логикалық пайымдауларға және қорытындыларға барабар балама табу маңызды. Философиялық мәтінді аударудағы басты мақсат — оның мазмұнын ашып, ана тіліндегі қолайлы мәнерлеу құралдарын таңдау. Философиялық мәтінді түсінудің таңдалған тәсіліне қарамастан, ол философиялық мазмұнды және олардың семантикалық жүктемесі бар арнайы ұғымдарды қамтиды. Философиялық мәтін басқа да ақпараттық, оның ішінде ғылыми мәтіндер сияқты философиялық коммуникация саласында белгілі білім мен кәсібилікті талап ететін арнайы терминдерді пайдаланады.

Философиялық мәтін белгілі бір және дайындалған ортада қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді, осы ортадан тыс маңыздылығын жоғалтады. Бұл философиялық мәтінді коммуникативті аудару стратегиясын анықтайды. Сонымен қатар философиялық мәні бар сөздер мен ұғымдарды (метафоралар мен ұғымдарды құрайтын терминдер), тілдік ойындарды, стандартты емес семантикалық тіркестерді, семантикалық аударылмайтындарды, сондай-ақ философиялаудың ерекше стилін және басқа да белгілерді қамтитын мәтіндер зерттеушілерді концептуалды және ұғымдық проблемалармен таныстырады..

Қорытындылай келе, аударманың өзекті мәселелерінің бірі философиялық мәтіндерде аударма қиындықтары автордың философиялық ойының күрделілігімен ұштасып, бұл қиындықтарға қосарлы сипат беретінін атап өтуге болады. Екіншіден, кез келген аударма таза абсолютті түрде екі мәтіннің тура сәйкестігін қамтамасыз ете алмағандықтан, шартты түрде мәдени сұхбаттастық ретіндегі қажеттіліктерді қанағаттандырудан туындайды. Үшіншіден, аударма, аудармашының шығармашылық актісі ретінде қарастырылатын репродуктивті-продуктивті үдеріс жүзеге асатын өзіндік бір өнер және интеллектуал құбылыс. Төртіншіден, аудармалардың маңыздылығы мәдениеттер арасындағы сұхбаттастықты кеңістік пен уақыт аясынан тыс қарастыра алады, сондықтан, ол аудармалар сол халықтың мәдениетінің, ғылыми әлеуетінің, жалпы білімділік пен интеллектуал деңгейінің жоғарылуына қызмет ете алады. Бесіншіден, аударма процесінде мәтін, аударманың өзі, түсіну, түсіндіру, шеберлігін арттыру, тіпті аудармашының өз білімін дамыту қатар жүреді. Алтыншыдан, философиялық тұрғыдан алғанда аударма мәселесі толық қарастырылмаған, бұл бұл тәсілді одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Өйткені аударманың өзінің бірнеше ғасырлық тарихы болғанмен, бұл саланы арнайы ғылыми үрдіс ретінде қарастыру кейінгі ғасырда ғана қолға алынғандықтан, бұл бағыт әлі кемелдене түсуді қажет ететін интегративті ілім ретінде қарастырылатын болады. Осы интеграциялаудың философиялық қырына тереңірек үңілу — біздің перспективті зерттеу мақсаттарымыздың бірінен саналады.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық (AP19679556 — «Қазақстандағы өзекті аударматану: теориясы және практикасы») жобасы аясында дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

1 Автономова Н.С. Познание и перевод: Опыты философии языка / Н.С. Автономова // Вопросы литературы. — 2009. — № 2. — С. 109–117.

2 Деррида Ж. Есть ли место переводу. Философия на национальном языке / Ж. Деррида // Логос. — 2011. — № 5–6. — С. 114–133.

- 3 Гадамер Г.-Г. Истина и метод: Основы философской герменевтики / Г.-Г. Гадамер. — М., 1988.
- 4 Ажеж К. Человек говорящий: Вклад лингвистики в гуманитарные науки / К. Ажеж; пер. с фр. — 2-е изд. — М., 2006.
- 5 Ельмслев Л. Прологомены к теории языка / Л. Ельмслев. — М.: Ком Книга, 2006. — 248 с.
- 6 Куайн У. Слово и объект / У. Куайн; пер. с англ. А.З. Черняк, Т.А. Дмитриев. — М., 2000.
- 7 Кун Т. Структура научных революций / Т. Кун. — М., 1977.
- 8 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. Как соотносятся между собой язык и культура / С.Г. Тер-Минасова. — М., 2000.
- 9 Смирнов А.В. Можно ли строго говорить о непереводаемости? / А.В. Смирнов // Гуманитарные чтения РГГУ–2009: Теория и методология гуманитарного знания. Гуманитарное знание и образование: сб. материалов. — М.: РГГУ, 2010. — С. 37–54.
- 10 Фокин С.Л. Перевод как незадача русской философии: к критике концепции мимесиса В.А. Подороги / С.Л. Фокин // Вестн. Самар. гуманит. акад. — Вып. Философия. Филология. — 2010. — № 2(8). — С. 109–125.
- 11 Рикёр П. Парадигма перевода. — Ч. 2. Информационно-коммуникативные аспекты перевода: сб. науч. тр. / П. Рикёр. — Нижний Новгород: НГЛУ, 1998. — С. 112–133.
- 12 Хайдеггер М. Бытие и время = Sein und Zeit / М. Хайдеггер // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 9. Филология. — 2000. — № 2. — С. 127–145.
- 13 Steiner G. Abécédaire de Gilles Deleuze. After Babel: Aspects of Language and Translation / G. Steiner. — Oxford University Press, 1975.
- 14 Гарбовский Н.К. Сетмологическая модель перевода. Трансдисциплинарность и система научных знаний / Н.К. Гарбовский // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 22. Теория перевода. — 2015. — № 1. — С. 3–20.
- 15 Мишкурин Э.Н. Герменевтико-переводческий методологический стандарт в зеркале трансдисциплинарности. — Ч. I / Э.Н. Мишкурин // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 22. Теория перевода. — 2015. — № 2. — С. 17–37.

З.С. Исакова, А.Б. Айтбаева, Б.М. Аташ, А.А. Куранбек, С.С. Аубакирова

Теоретико-методологические ориентации и позиции проблемы перевода: на примере философских текстов

В статье рассмотрены основы взаимоотношений философии и перевода в связи с современным развитием и изменениями в философии и переводе. Авторы выделяют основные причины, способствующие глубокой трансформации гуманитарных смыслов, которые представляют особый интерес и актуальность. Цель исследования — философский взгляд на меняющиеся факторы проблемы перевода. Рассмотрено объяснение понятий «философия» и «перевод». Авторы трактуют перевод как категорию социальной философии. Основные моменты роста мыслей о переносе одного из центральных понятий языкознания в ядро широкой междисциплинарной научной дискуссии и возведении его в категорию социальной философии отражены в изменившейся его роли и функции. Авторы также изучают перевод как важный фактор возрождения культурного разнообразия и стимулирования роста творческого потенциала человека. Сделан вывод о том, что интерпретация перевода как фактора, оказывающего существенное влияние на человека, требует рассмотрения его методами социальной философии. Предложена методология анализа важных социокультурных явлений, основанная на диалектической идее. Основным методом исследования является двойная оппозиция «философия–перевод». Такой подход включает необходимость уделять пристальное внимание связям между целым и его важными частями, что повышает актуальность анализа связей между ними. В рамках этой идеи ключевым выводом является то, что философские категории выводятся из реальных отношений к науке.

Ключевые слова: перевод, философия, проблема языка, герменевтика, философские методы, культура, объяснение, развитие, общество, интерпретация.

Z.S. Isakova, A.B. Aitbayeva, B.M. Atash, A.A. Kuranbek, S.S. Aubakirova

Theoretical and methodological orientations and positions of the problem of translation: on the example of philosophical texts

In the article the basics of the affiliation between philosophy and translation in connection with modern developments and changes in philosophy and translation were examined. The authors highlight the main reasons contributing to the deep transformation of humanitarian meanings, which are of particular interest and relevance. The purpose of the study is a philosophical view of the changing factors in the translation problem. The explanation of the concepts of “philosophy and translation” was reviewed. The authors interpret

translation as a category of social philosophy. The main growth points for thoughts about the transfer of one of the central concepts of linguistics to the core of a broad interdisciplinary scientific discussion and its elevation to the category of social philosophy were reflected in its changed role and function. The authors also consider translation as an important factor in reviving cultural diversity and stimulating the growth of human creativity. It is concluded that the interpretation of translation as a factor that has a significant impact on a person requires consideration by the social philosophy methods. A methodology for analyzing important sociocultural phenomena, based on the dialectical ideas proposed. The main research method is the double opposition “philosophy — translation”. This approach includes the need to pay close attention to the connections between the whole and its important parts, which increases the relevance of analyzing the connections between them. Within this idea, the key conclusion is that philosophical categories are derived from real relations to science.

Keywords: translation, philosophy, language problem, hermeneutics, philosophical methods, culture, explanation, development, society, interpretation.

References

- 1 Avtonomova, N.S. (2009). Poznanie i perevod: Opyty filosofii yazyka [Cognition and translation: Experiments in the philosophy of language]. *Voprosy literatury — Literature questions*, 2, 109–117 [in Russian].
- 2 Derrida, J. (2011). Est li mesto perevodu. Filosofii na natsionalnom yazyke [Is there room for translation? Philosophy in the national language]. *Logos*. — *Logos*, 5–6, 114–133 [in Russian].
- 3 Gadamer, G.-G. (1998). *Istina i metod (Osnovy filosofskoi germenevtiki) [Truth and Method (Fundamentals of Philosophical Hermeneutics)]*. Moscow [in Russian].
- 4 Azhezh, K. (2006). *Chelovek govoriashchii: Vklad lingvistiki v gumanitarnye nauki [Man speaking: The contribution of linguistics to the humanities]*. Moscow [in Russian].
- 5 Elmslev, L. (2006). *Prolegomeny k teorii yazyka [Prolegomena to the theory of language]*. Moscow: Kom Kniga [in Russian].
- 6 Quine, W. (2000). *Slovo i obekt [Word and object]*. (A.Z. Cherniak, T.A. Dmitriev, Trans.). Moscow [in Russian].
- 7 Kun, T. (1977). *Struktura nauchnykh revoliutsii [Structure of scientific revolutions]*. Moscow [in Russian].
- 8 Ter-Minasova, S.G. (2000). *Yazyk i mezhkulturaia kommunikatsiia. Kak sootnositia mezhdub soboi yazyk i kultura [Language and intercultural communication. How language and culture relate to each other]*. Moscow [in Russian].
- 9 Smirnov, A.V. (2010). Mozhno li strogo govorit o neperevodimosti? [Is it possible to strictly speak of untranslatability?]. *Gumanitarnye chteniia RGGU–2009: Teoriia i metodologiiia gumanitarnogo znaniia. Gumanitarnoe znanie i obrazovanie: sbornik materialov — Humanitarian readings of RSUH–2009: Theory and methodology of humanitarian knowledge. Humanitarian knowledge and education: a collection of materials*. Moscow: Rossiiskii gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet, 37–54 [in Russian].
- 10 Fokin, S.L. (2010). Perevod kak nezadacha russkoi filosofii: k kritike kontseptsii mimesisa V.A. Podorogi [Translation as a misfortune of Russian philosophy: to criticize the concept of mimesis by V.A. Podorogi]. *Vestnik Samarskoi gumanitarnoi akademii. Vypusk Filosofiiia. Filologiiia — Bulletin of the Samara Humanitarian Academy. Issue: “Philosophy. Philology”*, 2(8), 109–125 [in Russian].
- 11 Riker, P. (1998). Paradigma perevoda [Translation paradigm]. Chast 2. *Informatsionno-kommunikativnye aspekty perevoda: Sbornik nauchnykh trudov — Part II. Information and communication aspects of translation Collection of scientific papers*. Nizhnyi Novgorod: Izdatelstvo: Nizhegorodskii gosudarstvennyi lingvisticheskii universitet imeni N.A. Donroliubova [in Russian].
- 12 Heidegger, M. (2000). Bytie i vremia = Sein und Zeit [Being and Time = Sein und Zeit]. *Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriiia 9. Filologiiia — Bulletin of Moscow University. Episode 9: Philology*, 2, 127–145 [in Russian].
- 13 Steiner, G. (1975). *Abécédaire de Gilles Deleuze. After Babel: Aspects of Language and Translation*. Oxford University Press.
- 14 Garbovskii, N.K. (2015). Sistemologicheskaiia model nauki o perevode. Transdistsiplinarnost i sistema nauchnykh znaniia [Systemological model of the science of translation. Transdisciplinarity and the system of scientific knowledge]. *Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriiia 22. Teoriia perevoda — Bulletin of Moscow University. Episode 22. Theory of Translation*, 1, 3–20 [in Russian].
- 15 Mishkurov, E.N. (2015). Germenevtiko-perevodcheskii metodologicheskii standart v zerkale transdistsiplinarnosti. Chast I [Hermeneutical methodological standard of translation in the mirror of transdisciplinarity (part I)]. *Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriiia 22. Teoriia perevoda — Bulletin of Moscow University. Episode 22. Theory of Translation*, 2, 17–37 [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат

Исакова Зауреш — докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0003-2798-8066>

Айтбаева Айгүлім — педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, «Narxoz» университеті, Алматы, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-7024-6602>

Берік Аташ — Философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0003-3431-748X>

Құранбек Әсет — Философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Философия кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Аубакирова Салтанат — PhD доктор, қауымдастырылған профессор (доцент), Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-7894-6208>

Information about the authors

Iskakova Zauresh — Doctoral student, Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0003-2798-8066>

Aitbayeva Aygulim — Candidate of pedagogical sciences, professor, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0001-7024-6602>

Berik Atash — Doctor of philosophical sciences, Professor, Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0003-3431-748X>

Kuranbek Asset — Candidate of philosophical sciences, associated professor, Head of the Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Aubakirova Saltanat — PhD, Associate professor, Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0001-7894-6208>